

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

А.С. Пушкин атындағы Шымкент қалалық әмбебап кітапханасында Қазақстан кітапханалар Одағының «Қазақстан кітапханалары: кітап оқу мәдениеті, жасанды интеллект және цифрландыру» тақырыбындағы кезекті көшпелі отырысы ұйымдастырылды.

КІТАПХАНА МАҢЫЗЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Бұл шара еліміздегі кітапханалар саласындағы заманауи өзгерістер мен жаңа технологияларды енгізу, оқырмандарға қызмет көрсетудің сапасын арттыру мәселелерін талқылауға арналған.

Бұл басқосуға Абай облыстық кітапханасы директорының орынбасары Гүлмира Аязбаева мен жас кітапханашы Альфия Берікқожанова қатысты. Гүлмира Мұратқызы өз баяндамасында «Жергілікті қаламгерлер шығармашылығы – кітапханалар қорын толықтыру көзі ретінде» тақырыбын жан-жақты ашып, өңірлік авторлардың еңбектерін насихаттаудың маңыздылығына баса назар аударды. Сонымен қатар кітапхана қорын байытудағы жергілікті әдебиеттің рөлі мен оқырмандардың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру жолдарын ұсынды.

Тағы бір айтар жайт, Қазақстан кітапханалары Одағының атынан Г. Аязбаева «Жыл кітапханашысы - 2025» номинациясымен марапатталды.

Көшпелі отырыс Қазақстан кітапханаларының өзара ынтымақтастығын нығайтып, оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған нақты іс-шаралар мен жобаларды іске асыруға үлкен серпін берді.

Өз тілшіміз



Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекеттің дамуы үшін ерекше маңызға ие кәсіби қызмет түрі. Оның мәртебесі мемлекеттік билік жүйесіндегі орны, заңдық тұрғыдан айқындалуы, әлеуметтік мәні және кәсіби талаптарымен ерекшеленеді.

Мемлекеттік қызметтің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында бекітілген. Бұл заңдар мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттерін, өкілеттіктерін, қызметтік шектеулерін және жауапкершілігін анықтайды. Яғни, мемлекеттік қызметшілер мемлекет атынан билік өкілеттігін жүзеге асырып, халықтың мүддесін қорғауға міндетті.

Мемлекеттік қызмет – қоғам алдындағы беделді әрі жауапты міндет. Қызметшілердің адалдығы, кәсібилігі және жауапкершілігі халықтың мемлекеттік билікке деген сенімін арттырады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етіледі: тұрақты жалақы, еңбек демалысы, зейнетақы жүйесі және әлеуметтік жеңілдіктер.

Қазіргі заманда мемлекеттік қызметші тек қана заңдарды орындаушы емес, сонымен бірге қоғам дамуының тиімді менеджері болуы тиіс. Ол үшін мемлекеттік қызметкерлерден кәсіби даярлықтың жоғарылығы, біліктілігін үздіксіз арттыру, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру талап етіледі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер этикалық нормаларды сақтап, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуі қажет.

Мемлекеттік қызмет – халық пен билік арасындағы дәнекер. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасы халықтың мемлекетке деген көзқарасын қалыптастырады. Егер мемлекеттік қызметтің тиімді әрі әділ жүзеге асырылса, онда мемлекетке деген сенім де артады.

Мемлекеттік қызметтің мәртебесі – тек қана заңмен белгіленген өкілеттіктер жиынтығы емес, ол қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік пен сенім. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі мен адалдығы – мемлекеттің беделін айқындайтын басты фактор. Сондықтан мемлекеттік қызметтің мәртебесін арттыру – халыққа сапалы қызмет көрсетудің, әділдікті қамтамасыз етудің және мемлекет дамуын қамтамасыз етудің басты шарты.

Е.М.ХАЙСИН,

Абай облысы бойынша қазынашылық департаментті басшысының орынбасары

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ

Атқарушылық іс жүргізу – бұл борышкерден атқарушылық санкциясын атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлдарды, шығыстарды, жеке сот орындаушысының қызмет ақысын өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындауға бағытталған шаралар.

Атқарушылық іс жүргізудің негізгі принциптеріне келетін болсақ, атқарушылық іс жүргізу:зандылық, атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу мен мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудың уақтылы және айқын болуы, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, борышкер мен оның отбасы мүшелерінің өмір сүруіне қажетті мүлктің ең аз мөлшеріне қол сұғылмаушылық, өндіріп алушы талаптарының көлемі мен мәжбүрлеп орындату шаралары арақатынасының салыстырмалылығы, өндіріп алынған сомалар кезектің барлық талаптарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болған кезде оларды бір кезектегі өндіріп алушылар арасында бөлудің барабарлығы, атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындату жөніндегі шығыстарды борышкердің есебінен өтеу, сот орындаушысының іс жүргізу әрекеттері мен қауыптарына сотқа шағымдануға еркіндік принциптері бойынша жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделді және осы Заңнан Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасының қолданылу тәртібіне келетін болсақ, атқарушылық іс жүргізу атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде қолданылып жүрген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Бюджетке төленетін салық және өзге де міндетті төлемдердің берешегін, айыппұлдар төлеуді кешіктіргені үшін өсімпұлдарды және Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзғаны үшін өзге де санкцияларды өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу осы Заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған тарапталып заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомаларын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу уәкілетті орган белгілеген қағидалар сақтала отырып, осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Заңсыз соттау, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту, бұлтартпау шарасы ретінде қамғау, ұйқамаққа алуды, ешқайда кетпеу туралы қолхат бе-

руді заңсыз қолдану, қамқаққа алу немесе түзеу жұмыстары түрінде өкімшілік жазаны заңсыз қолдану, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға немесе өзге де медициналық ұйымға заңсыз орналастыру, кейіннен сот тәртібімен заңсыз деп танылған жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша сот актілерін мемлекеттік бюджет есебінен орындау бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік ұйымдарға қатысты соттың және өзге де органдардың актілерін орындау осы Заңға сәйкес жүргізіледі.Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің атқарушылық құжаттары бойынша атқарушылық іс жүргізу, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан өзгеше жағдай туындатмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Атқарушылық іс жүргізу барысында сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындауын қамтамасыз ету жөнінде келесідей шаралар қабылдауға міндетті:

- 1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу;
- 2-1) борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;
- 3) 2) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою;
- 4) 2-1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою;
- 5) 3) борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүлкікті және мүлкікті емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүлкітегі үлестерін иілектен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;
- 6) 4) борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлкіті, оның ішінде ақшаны пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгілеген шекте пайдалануға нұсқау беру;
- 7) 5) борышкер мүлкіне сүргі салу;
- 8) 6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;
- 9) 7) басқа адамдардың борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруіне немесе оған қатысты өзге де іс-әрекеттерді орындауына тыйым салу.

А. ШАГИРОВА,

Жарма ауданаралық аумақтық бөлімінің басшысы


ДЕНСАУЛЫҚ

Дерматомикоз (трихофития, микроспория) – бұл микроскопиялық саңырауқұлақтар тудыратын адам және жануарлардың жұқпалы тері ауруы. Олардың шамамен 500 түрі бар. Аурудың көзі - осы жұқпамен ауырған жануарлар (ит,мысық, төрт түлік мал) немесе орта және кіші жастағы науқас балалар болып есептеледі.

ДЕРМАТОМИКОЗ – ЖҰҚПАЛЫ ТЕРІ АУРУЫ

Саңырауқұлақтар денені, аяқ-қолды, шашты, бастың бет бөлігін зақымдайды. Дерматомикозбен көбіне балалар ауырады. Ауру науқас адаммен, жануарлармен тікелей қарым-қатынаста болған жағдайда немесе науқас адамның заттарын қолданған кезде жұғады. Аурудың инкубациялық кезеңі 1 айдан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Дерматомикоз ауруының зақымдануының белгілері қоздырғыштың түріне және зақымдану орнына байланысты:

- шашының түсуі мен терінің қабыршақталуымен бірге жүретін бас терісінде бөртпе пайда болады;
- тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабын дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршақтар болуы мүмкін.
- Дерматомикоз ауруын алдын алу үшін:
- ешқашан бөгде адамның киімін, бас және аяқ киімін пайдаланбаңыз;
- сүлгіні және төсек жабдықтарын ыстық суда жиі жуу, ыстық үтікпен міндетті түрде үтіктеу қажет;
- тарақты таза ұстап, және тек жеке



өзі ғана қолдану керек;

- санитариялық қағидаларға сай профилактикалық залалсыздандыру жұмыстары жиі жүргізіліп тұратын моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне, спортзалдарға бару. Себебі дерматомикоз балаларға көбіне залалсыздандыру жұмыстары жүргізілмеген спорттық бұйымдарынан жұғады.
- үйге қаңғыған мысықтар мен иттерді кіргізбеу, жануарлармен қарым-қатынастан, құм алаңдарындағы ойыннан кейін баланың қолын мұқият жуу;
- ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларын үйретуі қажет, қаңғыбас жа-

нуарлармен ойнамауды әрдайым ескертіп отыруға жөн;

- үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болысымен-ақ, оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету керек.

Егер сіз осы аурудың симптомдарына күдіктенсеңіз, онда мына шараларды орындау қажет!

Сау адамдарды аурудан оқшаулау керек, яғни баланың балабақшаға немесе мектепке баруын тоқтату керек, себебі дерматомикоз қоршаған ортаға өте жұқпалы ауру болып табылады. Дененің басқа бөлімдері зақымданбауы үшін, ошақты сулауға болмайды. Өртүрлі май, кремдер немесе басқада заттар жағып ошақты өздігінен емдемеңіз, бірден дерматолог-дәрігеріне қаралыңыз. Уақытында дәрігерге қаралмау - аурудың созылмалы түріне айналып, ары қарай емдеуді қиындатуы мүмкін.

Б. КАЙМБАЕВА,

Жаңасемей ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР!

«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Токум учаскесінің сульфидті кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 43,5 га құрайды. Координаттар: 1) 49°06'28.5629»се, 81°33'14.0970»шб; 2) 49°06'30.0168»се, 81°33'14.1790»шб; 3) 49°06'31.8046»се, 81°33'40.4515»шб; 4) 49°06'42.4058»се, 81°33'45.3445»шб; 5) 49°06'40.1248»се, 81°34'1.0172»шб; 6) 49°06'38.0200»се, 81°34'1.8600»шб; 7) 49°06'17.9800»се, 81°33'57.0000»шб; 8) 49°06'17.1798»се, 81°33'31.0978»шб.

Қоғамдық тыңдаулар 31.10.2025 жылы сағат 10:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Беке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Беке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Беке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 31.10.2025 жылы сағат 08:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/76360280779?pwd=eK75XSJKd0bmtbBiQkuR7kf954AmBu.1>. Конференция идентификаторы: 763 6028 0779, кіру коды: R2ALAJ. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда <https://ndb.ecology.gov.kz/>, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімі танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында [e-prigroda.gov.kz](http://prigroda.gov.kz) «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prigodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізудің мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ.с., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49.4°38.4300» се, 81.36°36.19998» шб; 2. 49.4°35.0000»се, 81.36°10.0000»шб; 3. 49.4°26.51996»се, 81.36°9.99998»шб; 4. 49.4°30.03941»се, 81.36°3.79121»шб; 5. 49.4°34.99982»се, 81.36°3.99987»шб; 6. 49.449.54377»се, 81.35°31.13039» шб; 7. 49.4°55.79198»се, 81.35°45.13413»шб; 8. 49.4°52.39741»се, 81.36°8.34977»шб; 9. 49.445.4000»се, 81.36°16.6600»шб.

Қоғамдық тыңдаулар 31.10.2025 жылы сағат 15:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Беке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Беке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Беке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 31.10.2025 жылы сағат 13:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/76401309633?pwd=KNGBAZibkrgG6HbAVFLfSXSWoVbtVlwL.1>.

Конференция идентификаторы: 764 0130 9633, кіру коды: d95V1b. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда танысуға болады <https://ndb.ecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigroda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prigodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізудің мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: « ГМК «Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ.с., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ArgoResources» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «Абай ауданы Жарма ауданындағы алтын кенорыны шық әдіспен игеру бойынша тау-кен өндіру жоспары» бойынша әсеретусебі.

2. Әсеретуаймағы: Эспе алтын кенорны Абай облысының Жарма ауданында, Болшевик (Шалабайкенті) және Бақыршық (Өуезовкенті) кенорындарына тікелей жақын (солтүстік-батыс ақарай 20-26 км), Шар темір жолстанциясынан солтүстік-шығысқа қарай 28 км, 128 км. Семей қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 120 км. Өскемен қаласының облыс орталығынан оңтүстік-батысқақарай орналасқан. Геологиялық бөлудің ауданы 31,16 км2 құрайды. Кен орны орталығының координаттары: с.к. 49047'45/жәнес.к. 81016'47/.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 12 қараша күні сағат 11:30 Абай облысы, Жарма ауданы, Шалабай ауылдық округі, Шалабай ауылы, Ж.Мәсәлім көшесі, 13 ғимараты мекен-жайы бойынша (әкімдік ғимараты) өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/89998156054?pwd=ret3pW8Y3sapRHFLVNqm6G8lnnfsgH.1>

Конференция сәйкестендіргіші: 899 9815 6054

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ArgoResources» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Заңды мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Байсейітов көшесі, 51, тел. +7 (7222) 56-96-52 e-mail info@argoresources.kz. «Банк ЦентрКредит» АҚ, ЖСК КЗ 898560000006487885 , БСН 1304400167